



*«Ақмола облысы білім басқармасының  
Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі  
Щучинск қаласының IT мектеп –  
лицейі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі КГУ «IT щкола-лицей города  
Щучинск отдела образования по  
Бурабайскому району управления  
образования Акмолинской области»*



*Мектептің әдістемелік тақырыбы:  
«Педагогтардың өздігінен білім алуы  
мен инновациялық ізденімі – білім беру  
сапасын арттырудың қажетті  
факторы»*



IT мектеп-лицейі Бурабай ауданы, Щучинск қаласында орналасқан. Оқыту екі тілде, қазақ және орыс тілдерінде, жаратылыстану-математикалық бағытта жүргізіледі.

Лицей екі ғимараттан тұрады. Мектеп жанында 130 орындық интернат бар. Сондықтан мектепте тек қала оқушылары ғана емес, ауылдардың балалары да оқиды. Мектеп кабинеттері заман талабына сай жабдықталған, робототехника, 3D модельдеу, биология кабинеті зертханасымен, физика кабинеті екі зертханасымен, медициналық кабинет, спорт зал, екі бассейн, волейбол, баскетбол, футболға арналған 4 спорт алаңдарымен, жеңіл атлетикалық жүгіру жолымен және 120 орындық акт залымен жабдықталған.

Педагог-шебер - 1  
Педагог-зерттеуші - 9  
Педагог-сарапшы - 9  
педагог-модератор - 13  
жоғары санатты - 2  
бірінші санатты - 6  
екінші санатты - 7

IT мектеп-лицей мұғалімдері жаңа педагогикалық технологияларды қосаменгі ерген, бейіндік оқыту курстарының оқу бағдарламаларын әзірлейді, оқушылардың ғылыми жобалар жазуға және пәндік олимпиадаларға дайындайды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы, ІТ мектеп лицейінің 13.01.2021 ж. №190640019752 Жарғысы негізінде келесі сыныптарда, төмендегі пәндер бойынша тест жұмысы алынады.

5-сыныпқа қабылданатын оқушылардан тестілеу келесі пәндер бойынша жүргізіледі:

1. Оқу сауаттылығы
2. Математика-логика

Білім алушыларды 5-сыныпқа қабылдау тестілеу нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде директордың бұйрығымен жүзеге асырылады.



## Құжаттар қабылдау:

1. 20 маусымнан 10 тамызға дейін
2. 10 тамыз тестілеу және оқуға қабылдау

## Оқуға қабылдану үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Туу туралы куәлік
2. Фото 3x4-4 дана
3. Үлгерім табелі
4. Оқушының жеке іс қағазы

## Байланыс мекен-жайы:

Пошта адресі -0120000, Қазақстан Республикасы,  
Ақмола облысы, Бұрабай ауданы,  
Щучинск қаласы, Горный мөлтекауданы,  
Құрылым 28  
Телефон: 8 (71636) 2-11-45  
Email - [it.litsei@mail.ru](mailto:it.litsei@mail.ru)  
Сайт: <http://it11.aqmoedu.kz/>

«Щучинск қаласының ІТ мектеп-лицейі» КММ негізгі орта (5-9 сынып) және жалпы орта білім берудің (10-11 сынып) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, оқушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес жаратылыстану-математикалық бағытта бейін бойынша терең білім беретін оқу орны.

